**Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Норвегия Корольдігіне 2001 жылғы 2-4 сәуірдегі ресми сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 25 маусым N 855

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Норвегия Корольдігіне 2001 жылғы 2-4 сәуірдегі ресми сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру және қазақстан-норвегия ынтымақтастығын одан әрі дамытуды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Норвегия Корольдігіне 2001 жылғы 2-4 сәуірдегі ресми сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары, өзге де мемлекеттік органдары (келісім бойынша) және мүдделі ұйымдар Жоспарда көзделген іс-шараларды орындау жөнінде нақты шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі кемінде тоқсанына бір рет Жоспардың орындалу барысы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2001 жылғы 25 маусымдағы
N 855 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Норвегия Корольдігіне 2001 жылғы 2-4 сәуірдегі ресми сапары барысында қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

---------------------------------------------------------------------

| Р/с N | Іс-шара | Орындау мерзімі | Орындалуына жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Қазақстан Республикасы мен Норвегия Корольдігі арасындағы Табыс пен капиталға қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияны бекіту | 2001 жылдың ішінде | Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Қаржы полициясы агенттігі |
| 2 | Қазақстан Республикасында шағын және орта бизнес саласындағы ынтымақтастықты дамыту:<br>1) Норвегияның шағын және орта бизнесті қолдау жөніндегі тәжірибесін және Қазақстандағы кәсіпкерлікті дамытуға норвегиялық көмекті тарту мүмкіндігін зерделеу;<br>2) Қазақстан рыногын игеруді жоспарлаған норвегиялық кәсіпкерлерге жәрдемдесу | 2001 жылдың ішінде | Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 3 | Мұнай-газ секторындағы ынтымақтастықты жалғастыру:<br>1) Норвегия тарабын Қазақстанда жарияланатын жер қойнауын пайдалану құқығын алуға арналған инвестициялық бағдарламалардың конкурстары туралы хабардар ету;<br>2) мұнай-газ саласындағы мемлекеттік реттеудің | 2001-2002 жылдар ішінде | Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі, "Қазақойл" ұлттық мұнай-газ |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | норвегиялық тәжірибесін зерделеу жөнінде қазақстандық мамандар үшін семинарлар ұйымдастыру;<br>3) Қазақстандағы мұнай операцияларын және мұнай-газ машиналарын жасауды қолдауға арналған инфрақұрылымды дамыту бағдарламасын іске асыруға норвегия компанияларының қатысу мүмкіндігін зерделеу | | компаниясы" жабық акционерлік қоғамы (келісім бойынша), "Мұнай және Газ көлігі" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамы (келісім бойынша) |
| 4 | Норвегияның Қаржы министрлігімен және Банкімен Мұнай Қорының жұмыс істеу тәжірибесін зерделеу бөлігінде ынтымақтастықты одан әрі дамыту | Тұрақты негізде | Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі |
| 5 | Мұнай-газ саласындағы өзара тиімді ынтымақтастықты дамытудың тетігін анықтау мәселесі жөнінде "Статойл" компаниясының өкілдерімен келіссөздер жүргізу мүмкіндігін пысықтау | 2001 жылдың екінші жартыжыл. дығы | Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, "Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы" жабық акционерлік қоғамы (келісім бойынша) |
| 6 | Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі мен Норвегия Корольдігінің Мұнай және энергетика министрлігі арасындағы Отын-энергетика кешені саласындағы ынтымақтастық туралы өзара түсіністік туралы меморандумға қол қою | 2001 жылдың үшінші тоқсаны | Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі |
| 7 | Трансазиялық темір жол магистралінің Солтүстік дәлізін | Тұрақты негізде | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | бірлесіп пайдалану жолымен транзиттік-көліктік салада ынтымақтастықты жолға қою мүмкіндігін зерделеу | | министрлігі, "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (келісім бойынша) |
| 8 | Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Норвегия Корольдігінің Үкіметі арасындағы Әуе қатынасы туралы келісімге қол қою | 2001 жылдың ішінде | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі |
| 9 | Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту:<br>1) Қазақстан Республикасының аумағындағы бұрынғы ядролық, химиялық және бактериологиялық полигондардағы табиғи ортаны оңалтуға жәрдемдесу;<br>2) теңіз айдынындағы мұнай өндіру аудандарында қоршаған ортаны қорғау, Каспий теңізінің биологиялық әр алуандығын сақтау саласында бірлескен бағдарламалар әзірлеу мүмкіндігін зерделеу;<br>3) мұнай төгілуінің алдын алу және оларға ден қою, өндіріс пен тұтыну қалдықтарын кәдеге жарату, қоршаған орта мониторингі, экологиялық білім, табиғатты қорғау бағдарламаларын, атап айтқанда, Каспий экологиялық бағдарламасын іске асыру үшін инвестициялар тарту жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру | Тұрақты негізде | Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 10 | Балық аулау мен балық өңдеу өнеркәсібі, кеме құрылысы және кеме қатынасы саласындағы ынтымақтастықтың мүмкін бағыттары бойынша норвегия тәжірибесін зерделеу және ұсыныстар әзірлеу | 2001 жылдың ішінде | Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі, "Ақтау теңіз сауда айлағы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (келісім бойынша), "Қазтеңізкөлік флоты" ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы" жабық акционерлік қоғамы (келісім бойынша) |
| 11 | Халықаралық ұйымдар шеңберіндегі ынтымақтастықты дамыту:<br>1) БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесі шеңберінде АӨІСШК шақыру, сондай-ақ Ауғанстандағы жағдайды реттеу жөніндегі Қазақстанның бастамаларын алға жылжытуға қатысты тараптардың өзара іс-қимылы;<br>2) Арал және Семей аймақтарындағы экологиялық проблемаларды жою үшін Норвегияның гуманитарлық және техникалық көмегін тарту мүмкіндігін пысықтау | 2001-2002 жылдар ішінде | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі |
| 12 | Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Норвегия | 2002 жылдың ішінде | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |

Корольдігінің Үкіметі
арасындағы Инвестицияларды
көтермелеу және өзара қорғау
туралы келісім жобасын дайындау
және оған қол қою

----------------------------------------------------------------------

Мамандар:
Багарова Ж.А.
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК